

«Майлин атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ
Шолақорда ауылы

**«Қамқоршылық кеңес» отырысының
ХАТТАМАСЫ №2**

Өтілген күні: 26.08.2022 ж.

Қатысқандар: мектеп директоры Б.Темирбеков, ДТЖО Г.Магзиева

Қамқоршылық кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы (мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілетін рейдтер туралы.)
2. 2022-2023 оқу жылында әлеуметтің әлжуаз топтағы оқушылар тізімін анықтап, тегін мектеп формасымен, буфеттік жүйедегі тегін тамақпен қамтамасыз етілу мәселесі. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы;
3. 2021-2022 оқу жылына мектеп директорының атқарған жұмыстарының есебі.
4. «Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық айлығын ұйымдастыру

Тыңдалды:

1-мәселе

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Магзиева сөз сөйлеп, мектептің ішкі тәртіп ережесінің қатаң сақталатынын айтты. Мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға тізімімен оқушылар мен ата-аналар толық таныстырылып хаттамалары тіркелгенің жеткізді. Жүргізілген рейдтер қорытындысы бойынша мектептің ішкі тәртіп ережесінің бұзылған фактілері тіркелген жоқ.

2-мәселе

2022-2023 оқу жылында әлеуметтің әлжуаз топтағы оқушылар тізімі анықталып, тегін мектеп формасымен, буфеттік жүйедегі тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін оқушылар тізімі ауыл әкімінің мөрімен бекітілді. Оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте 2021- 2022 оқу жылының жоспарына сай шахмат үйірмесі ,4- үйірме және факультатив сабақтары өткізіледі. Арнайы уақыт қарастырылып, кабинеттер бөлініп, уақытылы өткізілуі мен оқушылардың қатысымы қатаң бақылауда.

3-мәселе

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Б.Темирбеков 2021-2022 оқу жылының қорытынды есебін жасады. Оның ішінде: 1. оқушылардың 2021-2022 оқу жылындағы білім сапасы. 2. туған жерге тағзым акциясының қорытындысы. 3. жыл бойы өткізілген іс-шаралар есебі. 4. оқушылардың жазғы демалыс уақытын ұйымдастыру жоспары. 5. 9-11 класс оқушыларын қорытынды аттестациялау қорытындысы.

4- мәселе

«Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық айлығын ұйымдастыру бойынша кеңес төрағасы А.Хасенов айтып өтіп, ауылдың қалталы азаматтарын қайырымдылық жасауға шақыратындығын , ақшалай, заттай түскен заттарды әлеуметтік ақ қамтылған отбасы балаларына бөліп беруді ұсынды.

Шешім:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуын қатаң бақылау.
2. Оқушыларды қосымша біліммен толық қамтамасыз ету.

3. Мектеп директоры Б.Темирбековтың 2021-2022 оқу жылының қорытынды есебі қанағаттанарлық деп танылсын

4. «Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық айлығынан ақшалай, заттай түскен заттар әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына таратылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Хатшы:



А.Хасенов
Б.Қажыбаева